



25 жыл

Сәдуақас Мұсаұлы – ХХ ғасырдың басындағы қазақ ақындарына жататын елеулі тұлғалардың бірі. Қазақ халқының ірі мемлекет және мәдениет қайраткері, қаламгер, әдебиет сыншысы, Алаштың ардақты азаматы Смағұл Сәдуақасов (1900-1933) ХХ ғасырдың 20-шы жылдары жарық көрген «Қазақ әдебиеті. Тарихи талдау очеркі» деген еңбегінде: «Мағжан Жұмабаевтан кейін халқадірінше көрініп жүрген қазақ ақындары арасынан, мысалы, Сәдуақас Шормановты айтуға болады», - деп жазғаны оның өз кезінде ақын ретінде танымал болғанына толық дәлел бола алады.

КӨМБЕ



тұйғын, сұңқар сияқты саят құстарының тілдерін білді дерлік, сонымен қатар, олардың жасы мен төгіне қарай аңға деген алғырлық қасиеттерін айыра алатын, ұя салатын жерлерін және оларды қалай ұстап, қолға үйретіп, баулудың әдістерін өте жетік білетін саятшы, яғни, аңдарды мылтық атпай құспен ұстап алатын «мылтықсыз мерген» болған адам. 1907 жылы Қазан қаласында Сәкен ағайдың екі бөлімді «Аңшы» атты тартымды кітабы басылып шығады. Осы кітаптың

конституциясының жобасын жазған қазақ зиялысы. Осы жұмыстардың негізгі мақсаты – Қазақстанның саяси бостан-дық алып, Ресейдің отары емес, Канада, Новая Зеландия сияқты доминионы ретінде танылуын жақтау. Мұндай пікірді Қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстанда, жалпы қазақ тарихында ол тұңғыш көтерген азамат.

Кезінде оның есімі тек қана қазақ жұртшылығына ғана емес, сонымен қатар, бүкіл түркі тілдес халықтарға

СӘДУАҚАС ШОРМАНОВТЫ білеміз бе?

Сәдуақас 1847-1853 жылдары әйгілі ғалым Шоқан Уәлиханов оқыған Омбы кадет корпусының тура қарсысында, Ертістің сол жағасында орналасқан «Ауыздағы Қаржас» деп аталған қазақ ауылында дүниеге келеді. Осы ауылдың қалай пайда болғанын айта кетсек, ол былай болыпты.

1833 жылы Шоң Би Баянауыл сыртқы округінің аға сұлтаны болып сайланғанда, оның орынбасарлығына капитан шені бар Шорман би тағайындалған болатын-ды. 1836 жылы көктемде Шоң дүние салғанда, Шорман аға сұлтан болып тағайындалады. Сол кезде Шорман Батыс - Сібір генерал губернаторына: «Омбыға барғанда тамақ ішетін, намаз оқитын, кең көсіліп жататын орын керек» деп арызданып, 250 сомға жер сатып алады да, сол жерге өзіне үй салдырып, жұрағаты Атанұлы Кемеңгерді (белгілі ғалым, қаламгер, ұлт қайраткері Қошкөнің атасы) ие қылады. Осы үйдің жанынан Шорманның қутуші адамдары

егін салып, малға шөп дайындайды. Ауылда екі соқа мен бес тырма бар. 1897 жылы Сәдуақас ауылы 420 шөмеле шөп дайындаған.

Сәдуақас домбырамен ән салып, қыран құстарды қолына ұстап, тазы баптап, аң аулап, серілік құрған, ақындық өнері де бар азамат болған. Парасатты, зиялы, ізгі қасиеттердің иесі Сәдуақасты елдегі одан жасы кішілердің бәрі қадір тұтып, есімін толық атамай «Сәкен ағай» деп сыпайы түрде атапты.

II Александр бекзада кезінде Санкт-Петербургтен Токиоға дейін сапар шеккенде қазақ жері арқылы жүріп өткен. Сонда оған қазақтар жол-жөнекей көп зат сыйға тартады. Солардың арасында әкелі-балалы (Мұса мен Сәдуақас) апарған қазақ халқының қолданбалы өнерімен әсемделіп өрнектелген киіз үй де бар. Бұл оқиға 1855 жылға дейін болған. Айтпақшы, ол 1855 жылдың тамызында таққа отырды.

Сәкен ағай өлең шығаруға та-

алғы сөзінде ол: «Өз өмірімнің біраз уақытын әр түрлі саят құстарымен, аң-құс аулаумен өткізгендіктен, осы кәсіптің кейбір егжей-тегжейлі ерекшеліктері жайында тәуекел етіп, айтуды жөн көрдім», - деп жазады. Бұл кітап Шамсидин қажы Құсайыновтың қаражатымен басылып шыққанын айта кеткен ләзім.

Сәдуақастың Мақсұт есімді ұлы балалық шағында ауырып, қайтыс болады.

1881 жылы Батыс-Сібір генерал-губернаторы Г.В.Мещеринов отставкадағы (доғарыстағы) полковник Мұса Шормановқа Санкт-Петербургке Ресей императоры III Александрға төж кигізу жорасы салтанатына баруға рұқсат етеді. Алайда ол денсаулығына байланысты оған бармайтынын болып, өз орнына Сәдуақасты ұсынады. Осы сапарға Сәдуақаспен бірге Баянауыл сыртқы округіне қарасты Ақбеттау болысын басқарушы Құсайын Бошғаев пен осы округтегі Қараөткел болыстығының биі, Бөсентиін ішінде Бәрі ұрпағы Негербек

мәлім болған ірі қайраткер. Оның ХХ ғасырдың басында көтерген мәселелері мен ұстанған идеялары осы күнгі өмірдің көкейтесті мәселелерімен сабақтас екеніне таңданбасқа шара жоқ.

Қазірде осы жолдардың авторында Б.Сырттанов туралы жинастырылған біраз деректер бар. Алайда Сәдуақас Шормановтың Барлыбекті нендей себепке байланысты танып, білгендігі бізге әзірше беймәлім. Айтпақшы, тағы бір жайт – Сәдуақастың студент Барлыбектің болашақта асқан ақыл-ой, парасаттылығымен зиялы азамат болатынын білгендей, Г.Н.Потанинге оған жәрдемдесуге өтініш білдірген көрегендігіне де тәнті боласың.

Сәкен ағай 1891 жылы 15 шілдеде Ертістің сол жағасында, Омбы қаласынан 13 шақырым қашық жерде Ресей императоры III Александрдың мұрагері Николайды қарсы алу құрметіне арналып тігілген 20 киіз үйдегі болған салтанатты рәсімге қатысады. Сонда ол болашақта

тұратын үй, мал қамайтын қоралар салынады. Сөйтіп, осы қора-жайлар кейін осы жерде ауылдың құрылуына негіз болып, «Ауыздағы Қаржас» ауылы деп аталып кетеді. Осы ауылда XX ғасырдың 60-шы жылдарына дейін жеке меншіктегі үйлері бар көптеген қазақтардың отбасылары тұрды. Бүгінде бұрынғы «Ауыздағы Қаржас» ауылының орнында 11-ші және «Большая островка» деген шағын аудандардың аралығында, Ертістің жағасында «Қаржас» деп аталатын көпқабатты үйлер салынған шағын аудан бар.

Сәдуақас ойын баласы шағында Ақкелін (қазіргі Баянауыл ауданындағы Теңдік ауылы) ауылында молдадан дәріс алып, Құран Кәрім сүрелерін оқып, аяттарын жаттайды. Ал ересек бала кезінде Омбы қаласындағы гимназияда оқиды. Сәдуақас гимназияны бітірген соң, Томск университетіне оқуға түседі. Алайда сырқаттанып оқуға бара алмайды. Содан кейін өздігінен орыс және араб тілдеріндегі кітаптарды оқып, білімін көтереді.

Сәдуақас 18 жасында Шыңғыс Уәлиұлының төрт қызының ішінде сұлуы, өзімен жасы шамалас, Шоқанның үшінші қарындасы Нұридаға (1848-1894) үйленеді.

Сәдуақастың қыстауы Ащысу өзені мен суы тұщы Құндыкөл (Құндыкөл емес) аралығындағы «Көшекбай» деп аталатын көгалды сайдың етегінде орналасқан. Бұл жерде 1897 жылғы санақ бойынша бөренелерден қиып жасалған қаңылтыр шатырлы бір үй, шым кірпіштен салынған жеті үй және тоғыз киіз үй болған. Осы ауылда тұратындардың саны балалармен қоса есептегенде 31 адам, бұлардың ішінде 18-60 жастағы еркектер – 7, 16-55 жастағы әйелдер – 8. Ауылдағы малдың саны: жылқы – 413 (оның ішінде құлындар – 73), сиыр – 116 (оның ішінде бұзаулар – 34), қой – 391, ешкі – 52. Ауылда 14 бақташы бар. Ауыл тұрғындары

ланты болғанымен, онымен беріліп айналыспаған сияқты. Әдетте ол өлеңді оқта-текте бір өлеулі жағдайға байланысты реті келгенде бірден шығарып тастайды екен. Айтпақшы, оның бойында бар аса басым болған айтулы таланттар атбегілік пен құсбегілік деуге болады.

Осы таланттардың ішінде алдымен атбегілікті атап айтсақ, Сәкен ағай XIX ғасырдың 80-ші жылдары өзінің иелігіндегі биелерді Ресейдің жылқы зауытында орыс пен араб жылқыларын бір-бірімен шағылыстыру әдісімен алынған будан айғырмен будандастыру арқылы жылқының жаңа асыл тұқымын шығару жұмысымен айналысады. Осы мақсатпен ол жергілікті биелерді Өзбекстандағы Бұхара қаласы маңайынан өкелінген жүйрік айғырмен де будандастырып көреді. Кейін Сәдуақас Шорманов осы айтылған әдістермен будандастыруды жүргізбейді, себебі оның айтуынша, Ресей және өзбек айғырларымен будандасқан жергілікті биелердің төлдері кейін өсе келе қыстыгүні даладағы тебінде жайылып, шөптерді тұяқтарымен қазып жеуге икемделе алмаған. Сосын Сәкен ағай будандастыруды жергілікті асыл тұқымды айғырмен жүргізеді. Алайда бұл әдіспен алынған будан төлдердің сипаттамалары туралы мәлімет осы жолдар авторының қолына түспеді. Енді сөз орайына қарай айта кетсек, қазіргі баянауалықтар Сәкен ағайдың атбегілік дәстүрін әрі қарай дамытуға бір кісідей жұмыла кірісіп, алдағы 10 жылдың шамасында 100 қазаққа шақтап есептегендегі жылқы санын аудан бойынша 120-ға жеткізсе, онда құба-құп болар еді. Сонда қымыз өнімін сыртқа экспорттау арқылы басқа елдердің жұртын «Шіркін, Баянауланың бал қымызының дәмі-ай!» деп тамсандыра айтқыза алатұғын жағдайға жетіл, Гиннестің рекордтар кітабына жазылатын болса, асқан жетістік бол саналары айдан анық.

Сәкен ағай – бүркіт, қаршыға, лашын,

Қазанғапов шығады. Қартайғанда жол ауыртпалығын көтере алмай Нөгербек ақсақал Қазан қаласына жеткенде қайтыс болады (1812-1881).

Сәдуақас қазақ жастарын оқу-білімге тарту жолында оларға жанашырлық көрсете білген. Бұл орайда айтарымыз, ол өзінің 1887 жылдың 25 ақпанында Г.Н.Потанинге жазған хатында: «Бұл күнде қазақтар һәм медреседе оқи бастады, гимназияда 19 бала оқиды, кадет корпусында 5 бала оқиды, учительская семинарияда 4 бала оқиды және техническике екі бала оқиды. Барлығы 30 бала қазірде Омскіде оқиды, бір бала Петербургский университетте оқиды, руы Сырттанов, соған мүмкін болса көрісіп, лайық болған қадари жәрдеміңізден тас-тай көрмеңіз», - деп жазады (қараңыз: Ч.Ч.Валиханов. Собр. соч. в пяти томах. Том 5. Алма-Ата, 1985. 230-бет).

Енді осы хатта айтылған Сырттанов жөнінде бірер сөз. Барлыбек Сырттанов (1866-1914) Жетісудың Қапал уезінің Арасан болысындағы Қарашоқы деп аталатын жерде дүниеге келген. Ол Верный қаласының ер балалар гимназиясын «өте жақсы» деген бағалармен бітіріп шығады. Сосын Жетісу облысының әскери губернаторының арнайы қаражатымен Санкт-Петербург университетінің шығыстану факультетіне түсіп, оны 1890 жылы бірінші дәрежелі дипломмен үздік тамамдайды.

Б.Сырттановтың тікелей көмегімен Мұхамеджан Тынышбаев, Садық Аюкеұлы Аманжолов, Ораз Жандосов, т.б. бір топ қазақ жастары Верный (қазіргі Алматы) қаласының ерлер гимназиясына қабылданады. Барлыбек Сырттанов – 1910-1913 жылдар аралығында құпия түрде қазақ өлкесін Ресейдің ішкі колониясынан шығарып, оны тәуелсіз республика мәртебесі бар мемлекет қылып құру жөнінде Жарғы жазады. Сонымен бірге, қазақ елінің тәуелсіз ел болу хақындағы тұңғыш демократиялық

Ресейдің соңғы императоры болатын II Николайға алғы және артқы қастарының ойықтары оюлармен безендірілген, бүтіндей күміспен қапталып, түрлі-түсті тастармен әшекейленіп, өте әдемі жасалған ер-тоқымды сыйға тартады.

1894 жылы наурыздың 13-і күні Сәкен ағайдың әйелі Нұрида дүниеден өтеді. Артында жалғыз қызы Напиға қалады. Кейін оның Нәпиғадан туған Клара мен Роза деген жиендерінен туған жиеншарлары: Әнел мен Зәуре (Клараның балалары), Қажымұрат (Розаның баласы). Бұлардан кейінгі ұрпақтар: Әнуар мен Әдел (Әнелдің балалары), Данияр мен Жанел (Қажымұраттың балалары).

Нұриданың жылы өткен соң Сәдуақас Айдабол бидің бесінші ұрпағы Айтбақының Дүрмән деген баласының қызы Зейнепке үйленеді. Кейін оның бедеулігі анықталады. Сәдуақастың ауылында жылқы бағып, бие сауатын орманшы руының Жылкелді деген кісінің ақылына көркі сай Мәкен есімді қызы болады. Міне, осы қызға Сәдуақастың көңілі ауады. Мәкен де оған сүйіспеншілікпен жылы шырай білдіреді. Бұлардың көңілдегі Зейнеп те сезеді. Сәдуақас 1896 жылы Қазан қаласына сапар шегіп кеткенде, Зейнеп Жылкелдіге отағасы мен Мәкеннің арасындағы сүйіспеншілікті айтып, есебін тауып оны Баянауланың күншығыс жағындағы Бестауға көшіріп жібереді. Сәдуақас сапардан оралғанда, Жылкелдінің отбасымен жедел көшіп кетуінің себебін түсінгендей болады. Сонда ол Мәкенге арнап өлең шығарады. Әнге сұранып тұрған осы өлеңге әйгілі әнші-композитор, Сәдуақастың жұрағат інісі Жарылғапберді Жұмабайұлы әуен табады.

(Жалғасы келесі санда)

Серік Жақсыбаев,
Екібастұз қаласының Құрметті азаматы,
КСРО Журналистер одағының мүшесі